

**Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университетінің «Іргелі ғылымдар» кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к.
Кулжагарова Базаргуль Табылгановнаға**

Мінездеме

Кулжагарова Базаргуль Табылгановна 1966 жылы 11 наурызда Маңғыстау облысындағы Жетібай кентінде туылған, ұлты қазақ.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетін 1987 жылы бітіріп, математик, оқытушы квалификациясын алды.

Университетті бітіргеннен бастап бүгінгі күнге дейін білім саласында еңбек етіп келеді. 1987-95 оқу жылдары Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының №18 Қызыл төбе орта мектебінде математика мұғалімі, 1995 жылдан бері Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік университетінің «Жоғарғы математика» кафедрасында оқытушы, 2001 жылдан 2007 жылға дейін сол кафедрада аға оқытушы болып жұмыс жасады.

2007-2008 оқу жылынан бастап Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде «Физика және математика» кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді.

2005 жылы «Метод дискретной факторизации для решения некоторых краевых задач дифференциальных уравнений» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілді.

2011 жылы математика мамандығы бойынша доцент (ассоциативті профессор) ғылыми атағына ие болды.

Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 33 жыл, университеттегі еңбек өтілі – 26 жыл.

Б.Т. Кулжагарованың әр түрлі басылымдарда 80-ге жуық ғылыми (шығармашылық) еңбегі, Халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, республикалық және шетел ғылыми басылым беттерінде 60-дан астам ғылыми мақаласы, 10 оқу құралы, 10 –ға жуық әдістемелік нұсқаулығы жарық көрген.

«Жоғары математикадан есептер жинағы», «Математикадан дәрістер жинағы», «Экономикадағы математика. Есептер жинағы» және т.б. оқу құралдары баспадан шығарып, оқу үрдісіне енгізілген.

Б.Т. Кулжагарова 2015 жылы ҚРБҒМ бұйрығымен бекітіліп іске кірістірілген «5B071500 –Теңіз техникасы және технологиясы» мамандығына арналған Mat(I)1202- «Математика 1» және Mat(II)1203-«Математика 2» пәндерінен типтік оқу бағдарламаларының авторы.

«Математикадан дәрістер жинағы» атты оқу құралы Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасына енгізілген.

Ол «Аналитикалық геометрия», «Математикалық талдау», «Математика» және «Математикалық талдаудың іргелі мәселелері» пәндерінен бакалавр және магистранттарға жоғары сапалы дәріс оқиды.

Оқу үрдісінде студенттердің білім сапасын көтеру мақсатында жаңа ақпараттық технологияны кең пайдаланады. Кәсіби деңгейін, біліктілігін ұдайы арттыру мақсатында республика шеңберінде ұйымдастырылып жатқан түрлі семинар, курстарға қатысады.

Халқымыздың «Қыран – түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талап сыйлайды» деген қанатты сөзін қағида еткен кафедра доценті дайындаған түлектерінің биіктерден көрініп, өмірден өз орындарын табуына, нәтижелі еңбек белесін бағындыруға берекелі білікпен білім беруге жұмыстанып келеді.

Б.Т. Кулжагарованың облысымыздағы мектеп оқушыларын ғылыми ізденіске даярлауда да өзіндік қолтаңбасы бар. Оның ғылыми жетекшілігімен облыс мектептерінің оқушылары республикалық, халықаралық ғылыми жобасының және республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері атанып, білім грантын иеленді.

Сонымен бірге, бірнеше студенттерге ғылыми мақалалар мен жобалар бойынша жетекшілік етіп, оларды жаратылыстану ғылымдарының, атап айтқанда іргелі және қолданбалы ғылымдардың қыры мен сырына терең бойлауға, талаптарын ұштауға көп еңбектерін сіңіруде.

Б.Т. Кулжагарова бірнеше жыл бойы университет ардагерлер кеңесінің мүшесі болып, кафедра бойынша ғылыми жұмыстарына жауапты қызметін атқарды.

Жанұялы, екі қызы мен бір ұлы бар. Іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, өз жұмысына ынталы, ұжым арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген. Атқаратын қызметіне лайықты, жауапкершілігі жоғары.

Кафедра меңгерушісі



Л.У. Таймуратова